

Жәнібек ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 58 "Жәнібек ауданы бойынша 2012 жылға жастар практикасын ұйымдастыру және қаржыландыру туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күші жойған

Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 18 мамырдағы № 108 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2012 жылғы 20 маусымда № 7-6-143 тіркелді. Күші жойылды Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 28 желтоқсандағы № 283 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы әкімдігінің 28.12.2012 № 283 қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" және "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңдарын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" № 836 қаулысын басшылыққа ала отырып, аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Жәнібек ауданы әкімдігінің "Жәнібек ауданы бойынша 2012 жылға жастар практикасын ұйымдастыру және қаржыландыру туралы" 2012 жылғы 30 наурыздағы № 58 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7-6-136 тіркелген, "Шұғыла" газетінде 2012 жылдың 1 мамырында № 19 жарияланған) қаулысына өзгеріс енгізілсін:

2 тармағы алынып тасталсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Р. Қарашинге жүктелсін.

Аудан әкімі

Б. Есенғалиев